

Денсаулық сақтау
 саласындағы
 мамандарға қосымша және
 формальды емес білім беру
 қағидаларына
 6-қосымша

**"Денсаулық сақтау саласы кадрларының
 біліктілігін арттыру және сертификаттау
 курсарынан өткені туралы құжаттар беру
 "мемлекеттік көрсөтілетін қызмет стандарты"**

1	Кызмет берушінің атауы	Денсаулық сақтау саласындағы білім беру үйымдары
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	1) қызмет беруші (қызметті алушы тікелей жүгінген кезде); 2) "Электрондық қызметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы көрсетіледі.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	қызметті берушіге жүгінген кезде: 1) оқу бағдарламасын толық менгерген сәттен бастап біліктілікті арттыру және сертификаттау курсарының ұзактығына қарамастан, оқуды аяқтағаннан кейін біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы құжаттарды беру - 1 (бір) жұмыс күні (оқу бағдарламасын толық менгерген жағдайда); 2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды; 3) қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 (отыз) минут: 1) қызметті алушы қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап - 30 (отыз) минуттан аспайды.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағазтурінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	1) біліктілікті арттырудан өткені туралы: денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан

		<p>бойынша біліктілікті арттырудан өткені туралы куәлік немесе біліктілікті арттырудан өткені туралы анықтама;</p> <p>2) сертификаттық курстан өткені туралы: денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттық курс туралы куәлік немесе сертификаттық курстан өткені туралы анықтама.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>Тегін-жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек <u>кодексіне</u> сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі - сенбі аралығында (дүйсенбі - жұма үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін); 2) порталда-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек <u>кодексіне</u> сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік</p>
7	Жұмыс кестесі	<p>1) қызмет беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек <u>кодексіне</u> сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден сенбіге дейін (дүйсенбі - жұма сағат 8.00 - ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, сенбіде сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін); 2) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек <u>кодексіне</u> сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері келесі жұмыс күні жузеге асырылады) тәулік бойы.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі (немесе сенімхат бойынша оның өкілі)	<p>1) қызмет берушіге:</p> <p>тікелей жүгінген кезде сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;</p> <p>2) порталға:</p> <p>электрондық түрдегі сұрау салу.</p>

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1. қызмет алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) сенімсіздігі анықталса;</p> <p>2. қызмет алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толық емес екендігі анықталса.</p>
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	<p>Кызмет берушілердің мекенжайлары мен байланыс телефондары деңсаулық сақтау саласындағы білім беру үйімдарының интернет-ресурстарында немесе қызмет берушінің үй-жайларында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.</p> <p>Кызмет алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметті орындаудың кез келген сатысында алуға мүмкіндігі бар.</p>